Х. НУРМАТОВ, Ш. ЖАНАЙДАРОВ

# МУЗЫКА

БІРІНШІ СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

Қайта өңделген 11-басылымы

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі
басуға ұсынған

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент — 2013

УДК 78 (075)
КБК 85.31я721
М 59

Жауапты редактор **Қ. Мамиров – ТМПУ-дың профессоры**

Пікір жазғандар:

**А. Қошаев** – БМУ-дың доценті; **Н. Ахмедова** – Республикалық Білім беру орталығының бөлім бастығы; **Г. Ганиева** – Республикалық Білім беру орталығының «Музыкаға, өнерге, еңбекке баулу, дене жетілдіру және денсаулық» бөлімі әдіскері; **А. Нәлібаев** – Ташкент облысы Төменгі Шыршық ауданына қарасты Ғалаба ұжымшарындағы қазақ орта мектебінің музыка пәні мұғалімі.

**Мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен басылды. Тегін.**

**Х. Нурматов, Ш. Жанайдаров.**
Музыка: 1-сыныпқа арналған оқулық. Қайта өңделген 11-басылымы. — Т.: Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 2013 – 64 б.

I. Авторлар тобы

**УДК 78 (075)**
**ББК 85.31 я.721**

**© Х. Нурматов, Ш. Жанайдаров.**
**© Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2013**

**ISBN 978-9943-03-050-3**




Musiqa insonda yuksak axloq namunalarini
shakllantiruvchi, unda yuksak did va go'zallik
tuyg'ularini uyg'otuvchi vositadir.





## ӘН АЙТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әнді дұрыс айту үшін музыканы зейін қойып тыңда.

Әнді түзу тұрып немесе түзу отырып орында.

Әнді бастар алдында асықпай ішіңнен дем ал. Иығыңды көтерме.

Сөздің арасында дем алма. Деміңді көрсетілген белгіге дейін сақта.

Әннің сөзіндегі дауысты дыбыстарды және дауыссыз дыбыстарды анық, түсінікті етіп айт.

Даусыңды әдемі әрі жеңіл шығаруға тырыс. Дыбысты үзбей, созып орында.

Әнді асықпай, мәнерлеп орында.

Әнді мұғалімнің қол қимылына қарап бірдей бастап, бірдей аяқта.

**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## АЗИЗ БЎСТОН – ЎЗБЕКИСТОН

Өлеңін жазған **М.Мирзо**
Әнін жазған **Д.Амануллаева**

Бу дунёда чаманлар кўп,
Бу дунёда ватанлар кўп.
Барчасида яшнар гуллар,
Барчасида яйрар диллар.

Н а қ а р о т :

Менинг учун азиз бўстон –
Ўзбекистон, Ўзбекистон.

Чорлар эзгу йўллар мени,
Аждодларим қўллар мени.
Бу Ватанда тўкмасман ёш,
Бу Ватанда эгмасман бош.

Н а қ а р о т



## А – У ДЕГЕНДЕ ДЫБЫС ТӨМЕННЕН ЖОҒАРЫҒА ҚАРАЙ ШЫҒАДЫ.

## ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ



А





У





О





І





Е





Ә

Ү





Әнді айтқанда
түзу тұр.



Әнді айтқанда
түзу отыр.

**ӨЛЕҢДЕРДІҢ БӘРІН ДАУЫСТАП АЙТУҒА ЖӘНЕ ТҮРЛІ АСПАПТА ОРЫНДАУҒА БОЛАДЫ.**

## ДЎЛОНЧА

Өзбектің халық күйі

Ойнақы





# МУЗЫКАНЫҢ НЕГІЗІ КҮЙ.



**Дәулеткерей Шығайұлы – күйші-композитор**

## ҚОСАЛҚА

Дәулеткерейдің күйі

**Кербез, орташа екпінде**



**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## СӘЛЕМ САҒАН, МЕКТЕБІМ!

Өлеңін жазған **С.Мәуленов**
Әнін жазған **Л.Хамиди**

Сәлем саған, мектебім,
Сәлем, білім ордасы!
Жасыл бақты көктемім,
Жастық шақтың жолдасы.

Сенен біліп шығармын
Аспап барын, күн барын.
Сен арқылы ұғармын,
Жұмбақ әлем сырларын.

Үйретерсің еңбекке,
Сен арқылы ойлармын.
Ұшып сенен мен көкке,
Көк мұхитты бойлармын.

## ӨЗБЕКТІҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЫҚ АСПАПТАРЫ

ДОИРА





НОҒОРА

**Ән тыңдаймыз, ән ырғағымен жүруді үйренеміз.**

## ЖҮРУ МАРШЫ

Әнін жазған **Ф. Назаров**



Доптар қайсы сызықтарда орналасқан?



**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## БҮГІН ҚАЙ КҮН?

Өлеңін жазған **Ш. Мұхамеджанов**
Әнін жазған **С. Мұхамеджанов**

— Бүгін қай күн?
— Дүйсенбі.
— Ертең қай күн?
— Сейсенбі.
— Оят онда Дүйсенді,
— Оят онда Сейсенді.
Сабағынан қалмасын.

— Бүгін қай күн?
— Сәрсенбі.
— Ертең қай күн?
— Бейсенбі.
— Оят онда Сәрсенді,
— Оят онда Бейсенді.
Сабағынан қалмасын.

## ҚАНДАЙ ДЫБЫСТАРДЫ БІЛЕСІҢДЕР?

### Шулы дыбыстар









### Музыкалық дыбыстар





Айналамызда дыбыстар өте көп. Табиғаттағы барлық дыбыстар шулы дыбыстарға жатады.

Ән айтқанда, аспаптарда ойнағанда шығатын дыбыстар музыкалық дыбыстар деп аталады.

# ӘНДІЖАН ПОЛЬКАСЫ

**Өзбектің халық күйі**

**Көңілді**





Ән салуды үйренеміз

## ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Өлеңін жазған **Е. Зікібаев**
Әнін жазған **Ж. Меймандосов**

Менің әкем мұғалім,
Өз ісінің шебері.
Балалардың сұрағын,
Түсіндіріп береді.

Сыныпта бар көп бала,
Бәрін бірдей көреді.
Беделді әр жұртқа да,
Дайын әр кез көмегі.

Қадірлі адам еліне,
Өз ісінің шебері.
Әкем сынды менің де,
Ұстаз болғым келеді.



# ДЫБЫСТАР ЖОҒАРЫ, ТӨМЕН ЖӘНЕ БІРДЕЙ БИІКТІКТЕ БОЛАДЫ






# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ



Жетіген аспабының көне түрі



Жетіген аспабының жаңа түрі



Сазсырнай



Үскірік



Тастауық



Қоңырау



Асатаяқ



Тұяқ



Дабыл



Шаңқобыз



Дауылпаз

**ӘН АЙТҚАНДА ӨЛЕҢНІҢ СӨЗДЕРІН АНЫҚ ЖӘНЕ ТҮСІНІКТІ ЕТІП АЙТ.**

## ӘН САБАҒЫ

Өлеңін жазған **О.Әубәкіров**
Әнін жазған **К.Қуатбаев**

**Көңілді**

Мектептің әдемі ғой әр сабағы.
Қызық-ау, әсіресе ән сабағы.
Шарипа Шара болып би билесе,
Күлипа Күләш болып ән салады.

Бәріміз бұл сабақта тамашамыз,
Үкілі бөрік киіп жарасамыз.
Апайға ән үйреткен риза болып,
Үйді-үйге өлең айтып тарасамыз.



Музыка дыбыстары нотамен жазылады. Ноталар жазылатын бес түзу сызықты **НОТА ЖОЛЫ** деп атайды.




Оқушылар қандай музыкалық аспаптармен ойнауда?



## МУЗЫКАНЫ ТЫҢДАП, ШАПАЛАҚПЕН СҮЙЕМЕЛДЕЙМІЗ.

# ҚАРИ НАВО

**Өзбектің халық күйі**





**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

# ӘЛІППЕ

Өлеңін жазған **Ж. Нәжімеденов**
Әнін жазған **Б. Ғизатов**

Әліппе, әліппе,
Алғашқы әріппен
«Ана» деп қазір біз
Жазуға әзірміз.

Әліппе, әліппе,
Екінші әріппен
«Бала» деп қазір біз
Жазуға әзірміз.

Әліппе, әліппе,
Талай бір әріппен
«Отан» деп қазір біз
Жазуға әзірміз.





## СКРИПКА КІЛТІ

Скрипка кілтінің айналма бөлігі нота жолының екінші сызығына оралып тұрады. Екінші сызыққа СОЛЬ дыбысы жазылады. Бұл кілт СОЛЬ кілті деп те аталады. Скрипка кілтін әдемі жазуды үйрен.



## МУЗЫКАНЫ ЗЕЙІН ҚОЙЫП ТЫҢДА.

### САРБОЗЧА (БУХАРЧА)

**Өзбектің халық күйі**



**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

# КҮЗ

Өлеңін жазған **И. Сапарбаев**
Әнін жазған **Қ. Шілдебаев**

Жерде жаңбыр жалтырайды.
Жапырақтар қалтырайды.
Көкте Ай, Күн балқымайды.
Көлде аққу қалқымайды.

Жел тұрудан жалықпайды,
Күн жылытып жарытпайды.
Жапырақтар жерге қарай,
Қалықтайды, қалықтайды.



# БІЛІП АЛ



Композитор музыка жазады.



Ақын өлең жазады.



Әнші ән айтады.



Музыкант күй орындайды.



# АСП БЎЛАМАН

**Өзбектің халық күйі**



**ӘН АЙТҚАНДА ӨЛЕҢНІҢ СӨЗДЕРІН АНЫҚ ЖӘНЕ ТҮСІНІКТІ ЕТІП АЙТ.**

## ЗЫРЛАЙДЫ ШАНАМЫЗ

Өлеңін жазған **Қ. Ыдырысов**
Әнін жазған **Д. Мацуцин**

1. Аязды келіп қыс,
Алғашқы қар ұшты.
Аппақ боп үстіміз
Ақ қырау жабысты. } 2 рет

2. Алғашқы ақша қар,
Бетінде із қалды.
Жүйткиді ақ шанам,
Алға ұстап ызғарды. } 2 рет

3. Зырлай түс, ақ шанам.
Бөгет жоқ бізге еш.
Көрсін дос, басқа да
Шаршайтын біз емес. } 2 рет

## Өзің тап

1.“ДО” нотасы қай жерде жазылған?

А)



Ә)



Б)



2.Нешінші қатардағы дыбыс қатары дұрыс жазылған?

А) до, ре, ми, соль, фа, ля, си, до;
Ә) до, ми, ре, фа, соль, ля, си, до;
Б) до, ре, ми, фа, соль, ля, си, до;
В) до, ре, ми, фа, соль, си, до, ля.

3.“Фа” нотасы қай жерде жазылған?

А)



Ә)



Б)



4.Ең биік дыбысты тап:

А)



Ә)



Б)





**ӘНДЕРДІҢ БӘРІ СӨЗ БЕН ӘУЕНДЕРДЕН ҚҰРАЛҒАН. СӨЗ ӘРІПТЕРМЕН, АЛ ӘУЕН НОТАЛАРМЕН ӨРНЕКТЕЛЕДІ.**

**Музыка тыңдаймыз**

## ПИАНИНО

Өлеңін жазған **М. Зайнитдинова**
Әнін жазған **Ж. Нажмиддинов**

До, ре, ми, фа, соль, ля, си,
Мактаб пианиноси.
Клавиши оқ, қора,
Ҳавасинг келар, қара.

Бир, икки, уч, ўнг оёқ,
Оҳангга солинг қулоқ.
Янгроқ куйга жўр бўлиб
Қўшиқ айтамиз қувноқ.



**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## ДОП

Өлеңін жазған **Ә. Асылбеков**
Әнін жазған **Б. Қыдырбеков**

**Ойнақы**

Жай айтылса әніміз,
Доптан алыс кеткенің.
Қатты айтсақ бәріміз,
Допқа жақын жеткенің.

Қолымызда добымыз,
Ойнап жүрсек тобымыз.
Арасында көгалдың,
Сол добымыз жоғалды.



# ДЫБЫС ҚАТАРЛАРЫНЫҢ БИІКТЕУІ ЖӘНЕ ТӨМЕНДЕУІ



Фортепиано






# ДОИРА ТӘСІЛДЕРІ

**Ойнақы**





**Ән салуды үйренеміз**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫН, АНА, ТУҒАН КҮНІҢМЕН

Өлеңін жазған **М. Мақатаев**
Әнін жазған **Н. Тілендиев**

Нұрын төккен маған шуағымсың –
сен!
Айналайын ана қуанышың – мен!
Шаттандырған мені жұбанышым –
сен!
Құттықтаймын сені туған күніңмен!
Ля, ля, ля, ля, ля, ля, ля, ля,
Туған күніңмен ана!



# МУЗЫКАЛЫҚ ДЫБЫСТАРДЫҢ АТТАРЫ МЫНАНДАЙ: ДО—РЕ—МИ—ФА—СОЛЬ—ЛЯ—СИ



Бұл дыбыстардың аттарын солдан оңға және оңнан солға қарай айтып үйрен.



## Музыка тыңдаймыз

# КӨКТЕМ ВАЛЬСІ

Әнін жазған **М. Мирзаев**





**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

# ЕЛЕБЕК ПЕН КӨБЕЛЕК

Өлеңін жазған **Ж. Карбозин**
Әнін жазған **Ә. Бейсеуов**

Қона қойшы, көбелек,
Айтқаныма көне кет!
Көбелекті қуалап,
Жүгіріп жүр Елебек.




Бәтеңкесі бір жақта,
Тақиясы сай жақта.
Көбелекті қуалап,
Кетті Елебек қай жаққа?



# ДЫБЫСТАРДЫҢ ҰЗАҚ – ҚЫСҚАЛЫҒЫ

## Бүтін нота









«Ортасы ақ қалғаны
Бүтін нота болғаны».

## Музыка тыңдаймыз

# ҚАМАЖАЙ

**Қазақтың халық әні**

**Ойнақы**




Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі.
Айырылып Қамажайдан отырғанда,
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі.

Қайырмасы:

Ахау! Хайлиләйім, лилиләйім,
Қамажай, қалдың кейін, сәулетайым.

**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## МЕНІҢ ОТАНЫМ

Өлеңін жазған **Б.Ысқақов**
Әнін жазған **Ө.Байділдаев**

Отан – менің ата-анам,
Отан – досым, бауырым.
Отан – өлкем, астанам,
Отан – туған ауылым.

Отан – тарих, Отан – тіл,
Жасаған елім, өз халқым.
Отан – өлең, Отан – жыр,
Көтерген көкке ел даңқын.



## Жарты нота





“Бөлінген бүтін нотамыз —
**Екі жарты нотамыз**.



Алманы қақ бөлсе, тең екі жартыға бөлінеді.



«Рақс (Би)» күйін тыңдаймыз.





РУБОБ

## ДОМБЫРАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:




## ДОМБЫРА

Өлеңін жазған **Ә. Асылбеков**
Әнін жазған **Ж. Тұрғынбаев**

Домбыраның құлағын,
Мәнерімен бұрағын.
Достарыңды ертіп кел,
Содан кейін шертіп көр.

Досың ұйып тыңдасын,
Әнге қосып жырласын.
Тамылжыта күйге бас.
Содан кейін биге бас.

## Төрттік (ширек) нота



Бүтіннің төрттен бірі, төрттік нота деп аталады.





Қауынды төртке бөлсек, ширек бөлік болады.

**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## БУҒДОЙ

Өлеңін жазған **Р.Талип**
Әнін жазған **Н.Нархожаев**

Эккан эдим,
Кўкат бўлди, дон бўлди.
Пишгандан сўнг
Оппоққина нон бўлди.

Элим бой, элим бой,
Нимага бой?
Элим бой, элим бой,
Экар буғдой.



# ҚОЯН

Өлеңін жазған **Т. Бердияров**
Әнін жазған **К. Қуатбаев**

Ұзын құлақ, сұр қоян
Есітіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді. } 2 рет

Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің,
Келе жатқан томпаңдап
Көжегі екен өзінің. } 2 рет



## Сегіздік нота





Бүтіннің сегізден бірі, сегіздік нота деп аталады.



Қарбызды сегізге бөлсек, әрбір бөлігі сегіздік болады.





БҮТІН НОТА

ЖАРТЫ НОТА

ТӨРТТІК (ШИРЕК) НОТА

СЕГІЗДІК НОТА



## НОТАЛАРДЫҢ АТТАРЫН АЙТ

## НОТАЛАРДЫҢ БӨЛІНУІ ЕСІҢДЕ МЕ?

## БҰЛАР ҚАНДАЙ СОЗЫЛЫМДАҒЫ НОТАЛАР МЕН ДЫБЫСТАР?





## Музыка тыңдаймыз

# ДОМБЫРАСЫЗ СӘН ҚАЙДА

Өлеңін жазған **Х. Талғаров**
Әнін жазған **И. Нүсіпбаев**






**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

# КҮЛІП ӨССІН СӘБИЛЕР

Өлеңін жазған **Х. Талғаров**
Әнін жазған **О. Молдажанов**

Жайнап өссін сәбилер,
Бұзылмасын ұйқысы.
Бақыт болып әр үйге, } 2 рет
Тыйылмасын күлкісі.

Күйге балқып оянсын
Жас келмесін көзіне.
Гүл секілді боянсын
Жұрт таң қалсын өзіне. } 2 рет



# ӨЗБЕК КОМПОЗИТОРЛАРЫ



МУТАЛ
БУРХАНОВ



ҒАФУР
ҚОДИРОВ



ФАТТАХ
НАЗАРОВ



ИКРАМ
АКБАРОВ

# ҚАЗАҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫ



НҰРҒИСА
ТІЛЕНДИЕВ



БАҚЫТЖАН
БАЙҚАДАМОВ



СЫДЫҚ
МҰХАМЕДЖАНОВ



ШӘМШІ
ҚАЛДАЯҚОВ

**Ата-анаңның, аға-әпкеңнің жәрдемімен жатта**

## КӨКТЕМ

Өлеңін жазған **Ж. Сәтібеков**
Әнін жазған **Қ. Қуатбаев**

Көктем келді, құс келді,
Ойнаймыз біз саз илеп.
Біздің көлге түстенді,
Былтыр кеткен қаз-үйрек. } 2 рет

Көк көйлегін киді жер,
Шешіп ақ қар ішігін.
Емірене сүйді жел,
Тал-теректің бүршігін. } 2 рет

Алақай-ау, балалар,
Қандай жақсы көктемгі ай.
Гүлге оранды кең дала,
Келді ауылға көп торғай. } 2 рет



## ТАПСЫРМА



Зейін қойып тыңда және тап:

Мұғалім төменгі екі мысалдың қайсы бірін әндетіп айтты?





Мына мысалдағы ең ұзаққа созылған дыбысты көрсет.







Бұл дыбыс қатарында жетпей тұрған дыбысты дауыстап айтып, жазып қой.





## Өзің тап

1.Музыканы қалай тыңдау керек?
А) жай сөйлесіп отырып тыңдау керек;
Ә) қимылдамай отырып тыңдау керек;
Б) тыныш отырып, зейін қойып тыңдау керек.

2.Бүтін нотаның ішінде неше жарты нота бар?
А) төрт жарты нота бар;
Ә) екі жарты нота бар;
Б) алты жарты нота бар.

3.Неше ширек нота бір бүтін нотаға тең?
А) екі ширек нота;
Ә) сегіз ширек нота;
Б) төрт ширек нота.

4.Неше ширек нота жарты нотаға тең?
А) төрт ширек нота;
Ә) екі ширек нота;
Б) сегіз ширек нота.

5.Дыбыс қатарында қандай нота түсіп қалған?





## Би билейміз, ән айтып, күй тыңдаймыз

### СӘЛЕМ САҒАН, МЕКТЕБІМ!

Өлеңін жазған **С.Мәуленов**
Әнін жазған **Л.Хамиди**

**Көңілді, шаттана**



Сә-лем саған, мектебім, Сәлем, білім ор-да-сы!



Жа-сыл бақты көк-те-мім, Жас-тық шақтың жолдасы.



Сенен біліп шы-ғар-мын Ас-пап ба-рын, күн ба-рын.



Сен ар-қы-лы ұ-ғар-мын, Жұмбақ әлем сырларын.

### ӘН САБАҒЫ

Өлеңін жазған **О.Әубәкіров**
Әнін жазған **К.Қуатбаев**

**Көңілді**



Мектептің ә-де-мі ғой әр са-ба- ғы. Шарипа
Қызық-ау, әсі-ре-се ән са-ба- ғы.



Шара болып би биле- се, Күлипа Күләш бо-лып



ән са- ла- ды. Ля-ля-ля, ля-ля-ля-ля-ля.



Күлипа Күләш бо-лып ән са- ла- ды.

## БҮГІН ҚАЙ КҮН?

Өлеңін жазған **Ш. Мұхамеджанов**
Әнін жазған **С. Мұхамеджанов**

**Асықпай**




–Бү-гін қай күн? –Дүй-сен-бі. –Ертең қай күн?



–Сейсенбі. –О-ят он- да Дүй-сен-ді, О- ят он-



да Сей-сен-ді. Са-ба-ғы-нан қал-ма- сын.

## ЗЫРЛАЙДЫ ШАНАМЫЗ

Өлеңін жазған **Қ. Ыдырысов**
Әнін жазған **Д. Мацуцин**

**Көңілді**




## МЕНІҢ ОТАНЫМ

Өлеңін жазған **Б.Ысқақов**
Әнін жазған **Ө.Байділдаев**



## БУҒДОЙ

Өлеңін жазған **Р.Талип**
Әнін жазған **Н.Нархожаев**




## ӘЛІППЕ

Өлеңін жазған **Ж. Нәжімеденов**
Әнін жазған **Б. Ғизатов**



## МАЗМҰНЫ

Ән айту ережелері ........................................................... 5
Азиз бўстон – Ўзбекистон. Өлеңін жазған М.Мирзо,
әнін жазған Д.Амануллаева..................................................6
Дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеміз ................................ 7
Дўлонча. Өзбектің халық күйі ............................................ 9
Қосалқа. Дәулеткерендің күйі ........................................... 10
Сәлем саған, мектебім! Өлеңін жазған С.Мәуленов,
әнін жазған Л.Хамиди.........................................................11
Өзбектің ұлттық музыкалық аспаптары ............................. 12
Жүру маршы. Әнін жазған Ф.Назаров ................................ 13
Бүгін қай күн? Өлеңін жазған Ш.Мұхамеджанов,
әнін жазған С.Мұхамеджанов ............................................ 14
Қандай дыбыстарды білесіңдер?....................................... .15
Ұстаз болғым келеді. Өлеңін жазған Е.Зікібаев,
әнін жазған Ж.Меймандосов...............................................17
Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары ............................ 19
Ән сабағы.Өлеңін жазған О.Әубәкіров,
әнін жазған К.Қуатбаев.......................................................20
Нота жолы...........................................................................21
Әліппе. Өлеңін жазған Ж. Нәжімеденов,
әнін жазған Б. Ғизатов........................................................23
Скрипка кілті ..................................................................... 24
Күз. Өлеңін жазған И.Сапарбаев, әнін жазған Қ.Шілдебаев . 26
Біліп ал .............................................................................. 27
Асп бўламан.Өзбектің халық күйі ....................................... 28
Өзің тап .............................................................................. 30
Дыбыс қатарларының биіктеуі және төмендеуі.................. 33
Құттықтаймын, ана, туған күніңмен.
Өлеңін жазған М. Мақатаев, әнін жазған Н. Тілендиев........35
Көктем валсі. Әнін жазған М.Мирзаев................................ 38
Дыбыстардың ұзақ-қысқалығы. Бүтін нота. ....................... 40
Менің Отаным. Өлеңін жазған Б.Ысқақов,
әнін жазған Ө.Байділдаев .................................................. 42
Жарты нота......................................................................... 43
Домбыраның құрылымы ..................................................... 45
Төрттік (ширек) нота .......................................................... 46
Бұғдой. Өлеңін жазған Р.Талип, әнін жазған Н.Нархожаев.... 47
Қоян. Өлеңін жазған Т.Бердияров, әнін жазған К.Қуатбаев... 48
Сегіздік нота ...................................................................... 49
Қазақ композиторлары ....................................................... 54
Өзбек композиторлары....................................................... 55
Көктем. Өлеңін жазған Ж.Сәтібеков,
әнін жазған Қ.Қуатбаев...................................................... 56
Тапсырма ............................................................................ 57
Өзің тап .............................................................................. 58
Би билейміз, ән айтып, күй тыңдаймыз .............................. 59

**HAMIDULLA NURMATOV, SHARIP JANAYDAROV**

**MUSIQA**

**1-sinf uchun darslik**
(Qozoq tilida)
Qayta ishlangan 11-nashri

Аударған *Ж. Рахман*
Редакторы *Ж. Байжанов*
Көркемдеуші редакторы *Ш. Мирфаёзов*
Техникалық редакторы *Т. Смирнова*
Компьютерде беттегендер: *Б. Ашуров, А. Сулайманов*

Баспа лицензияси AI № 154. 14.08.09.
2013 жылы 6 мамырда басуға рұқсат етілді.
Пішімі 70х100 $^1/_{16}$. Кеглі 18. Қаріп түрі «Прагматик».
Офсеттік әдіспен басылды. Есептік баспа табағы 5,16.
Шартты баспа табағы 6,5. Таралымы 6225.
Тапсырыс 178.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық
үйінде басылды. 100128, Ташкент, Шайхантахур көшесі, 86.

**Біздің интернет мекен-жайымыз: www.gglit.uz**
**E-mail: iptdgulom@sarkor.uz, info@gglit.uz**